



## МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫНА

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге, Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының оқу-әдістемелік орталығының 2026 жылғы 6 мамыр күнгі №01-08/582 санды шығыс хатына сәйкес 2026 жылдың 15-22 мамыр аралығында білім беру ұйымдарының 1-11 сынып білім алушыларына «Жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері» тақырыбындағы бірыңғай жеке қауіпсіздік сабақтары өтетіндігін хабарлайды.

Сабақтарды ұйымдастыруда «ӨРКЕН» БӨАҰҒПИ» КеАҚ әзірлеген «Жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері» тақырыбындағы бірыңғай жеке қауіпсіздік сабақтарын өткізу туралы әдістемелік ұсынымды басшылыққа алу ұсынылады.

Барлық материалдар сілтемеде:

[https://drive.google.com/drive/folders/1jWUMKNEEQznOwuAnHwmWiGR0RQ2Ml58O?usp=drive\\_link](https://drive.google.com/drive/folders/1jWUMKNEEQznOwuAnHwmWiGR0RQ2Ml58O?usp=drive_link)

Аталған сабақтарды сынып жетекшілері сынып сағаттарының алғашқы 10 минутында өткізеді.

Сабақтардың сапалы әрі белгіленген мерзімде (15-22 мамыр аралығында) екі мәрте өткізілуін білім беру ұйымы директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары қамтамасыз етеді және бақылауды жүзеге асырады.

Атқарылған жұмыстар туралы балалар қауіпсіздігін кеңінен насихаттау мақсатында #ҚауіпсізЖаз2026 хэштегімен әлеуметтік желілерде жариялау ұсынылады.

Осыған орай, өткізілген бірыңғай жеке қауіпсіздік сабақтары туралы мәліметті 2026 жылдың 22 мамырдан кешіктірмей жолдауларыңызды сұрайды.

№	Іс-шараның атауы/форматы	Қамтылған оқушы саны	Жарияланған сілтемесі	Фото есебі
1	«Жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері» тақырыбындағы бірыңғай жеке қауіпсіздік сабақтары			

Басшының міндеттерін  
уақытша атқарушы

Б.Самылтыров

Орындаған: Г.Ногайбаева  
Тел: 2-14-10